

БОЛАШАҚ МУЗЫКА МҰҒАЛІМІН БАЛАБАҚШАДА ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ ДАЯРЛАУ

А.А. Исаева¹*, Г.Ә. Хусаинова¹, Қ. Хожанбекұлы²

¹Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті,
Қазақстан Республикасы, Астана қ.

²Халықаралық Астана университеті, Қазақстан Республикасы, Астана қ.

*e-mail: aigul_isaeva_20@mail.ru, husainovagulzada@mail.ru, kkojanbek@gmail.com

Аңдатпа. Мақалада қазіргі музыкалық-педагогикалық жоғары білім беру жүйесінде байқалатын теориялық білім мен мектепке дейінгі тәжірибенің нақты талаптары арасындағы алшақтықты жеңуге бағытталған. Жұмыстың мақсаты – болашақ музыка мұғалімдерінің балабақшадағы кәсіби қызметке даярлығын арттыратын және оның тиімділігін эмпирикалық тұрғыдан тексеретін интегративті педагогикалық модельді әзірлеу.

Зерттеу педагогикалық эксперимент ретінде жүргізілді. М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті мен Қазақ ұлттық өнер университетінің «Музыкалық білім» мамандығы бойынша оқитын 60 студентті эксперименттік (N=30) және бақылау (N=30) топтарына бөлінді. Эксперименттік топқа үш компоненттен тұратын интегративті оқу модулі енгізілді: 1) қазақтық этнопедагогикалық материалдарды пайдалану; 2) Д. Эллиоттың «musicing» философиясына негізделген шығармашылық-іс-әрекеттік тапсырмалар (импровизация, рөлдік ойындар); 3) рефлексивтік-практикалық компонент (бейне-талдау, сараптамалық кері байланыс). Бақылау тобы дәстүрлі бағдарлама бойынша оқытылды. Тиімділік когнитивтік, эмоционалды-құндылықтық (В.В. Бойко әдістемесінің бейімделген нұсқасы) және іс-әрекеттік (Е. Торренс тесті негізіндегі музыкалық-педагогикалық тапсырмалар) компоненттер бойынша бағаланды. Деректерді статистикалық өңдеу SPSS 26.0 бағдарламасында Стьюденттің t-критерийі арқылы жүргізілді.

Эксперименттік топта жоғары кәсіби дайындық деңгейіне жеткен студенттердің үлесі 22%-дан 58%-ға дейін өсті (өсім +36 п.п.), ал төмен деңгейдегілердің үлесі 30%-дан 6,7%-ға дейін төмендеді. Бақылау тобында өзгеріс статистикалық маңызды болмады. Әрбір компонент бойынша орташа баллдарда айтарлықтай өсім байқалды: эмоционалды-құндылықтық компонентте +0,90 балл (Мбаст=2.00; Мсоң=2.90), іс-әрекеттік компонентте +0,90 балл (Мбаст=1.93; Мсоң=2.83), когнитивтік компонентте +0,77 балл (Мбаст=2.10; Мсоң=2.87). Топтар арасындағы айырмашылықтар статистикалық тұрғыдан маңызды болды ($p < 0,001$). Сапалық талдау (рефлексиялық эсселер, сараптамалық бақылау) студенттердің кәсіби позициясының «сабақ берушіден» баланың эмоционалды-шығармашылық серіктесіне қарай өзгергенін растады.

Зерттеу болашақ музыка мұғалімдерін мектепке дейінгі білім беруге даярлауда теория мен практиканың фрагменттік үйлесімсіздігі мәселесін жеңу үшін интегративті тәсілдің қажеттілігін дәлелдеді. Этнопедагогикалық, шығармашылық-іс-әрекеттік және рефлексивтік компоненттерді біріктіретін ұсынылған модель студенттердің кәсіби дайындығын, әсіресе эмоционалдык эмпатия мен практикалық икемділік сияқты шешуші сапаларды айтарлықтай арттыратыны көрсетілді. Модель музыкалық педагогикалық білім беруді жаңарту үшін тәжірибелік негіз ретінде қызмет ете алады.

Кілт сөздер: музыка мұғалімі, мектепке дейінгі білім беру, кәсіби даярлық, интегративті модель, этнопедагогика, педагогикалық эмпатия, педагогикалық эксперимент.

Кіріспе

Қазіргі кезеңде Қазақстанда мектепке дейінгі білім беруді жан-жақты дамыту және жаңарту жолдары іздестірілуде [1]. Музыкалық тәрбие осы үдерістің маңызды бөлігі ретінде баланың эмоционалды әлемін, қиялын, тілдік және қозғалыстық дағдыларын қалыптастыратын өте қуатты педагогикалық құрал болып табылады. Алайда, қазіргі музыкалық-педагогикалық жоғары білім берудің мәселесі теориялық білім беру мен шынайы педагогикалық практика арасындағы белгілі алшақтықта жатыр. Соңғы жылдары қазақстандық зерттеушілер С.Нурбекова, А. Айтпаева, А. Алимбекова [2], А.Ю. Абишева [3], Н.К. Султанова, Б.К.Оспанова [4] болашақ музыка мұғалімдерінің мектеп жасына дейінгі балалардың ерекше психологиялық-жас ерекшеліктерін ескеретін және олармен эмоционалды-ойындық диалог орната алатын дайындық деңгейінің жетіспеушілігін үнемі атап көрсетіп келеді. Дәстүрлі оқу

жоспарлары көбінесе мектепке арналған құрылымдық сабақтарға бағытталғандықтан, түлектер балабақшаның динамикалық, спонтанды ортасында сәтті жұмыс істеу үшін қажет педагогикалық икемділік пен интуицияға толық қамтылмайды.

Халықаралық педагогикалық тәжірибе осы бағыттағы қиындықтарды танып, сол шешімдерді ұсынады. P.S. Campbell [5] баланың өміріндегі музыканың мағынасы оның ішкі, субъективті тәжірибесінде жатыр деп есептей отырып, педагогтің осы эмоционалды әлемге сіңіп кіре алу қабілетін бірінші кезекке қояды. W. Gruhn [6] жұмысы ерте музыкалық дамуда қозғалыс пен сезімдік жауаптың шешуші рөлін атап өтеді. Осы бағыттағы теориялық негізді В. Reimer [7] музыканы эстетикалық тәжірибе ретінде, ал D. Elliott [8] оны белсенді шығармашылық әрекет (musicising) ретінде түсіну философиялары құрайды. M.S. Barrett [9] осы процесті баланың өз әлемін «құруының» бөлігі ретінде сипаттайды. Дегенмен, бұл іргелі теориялар мен принциптерді болашақ музыка мұғалімдерін даярлаудың нақты ұлттық оқу бағдарламасы мен педагогикалық технологияларына тікелей аудару әлі де өзекті ғылыми міндет болып қала береді.

Қазақстан контекстіндегі мәселені одан әрі шиеленістіретін фактор – бұл ұлттық-мәдени компонентті оқыту үдерісіне жүйелі түрде енгізу қажеттілігі. Қазақ халықтық музыкасының, ойындарының және дәстүрлерінің терең педагогикалық әлеуеті Н.Г. Тагильцева мен Л.В. Добровольская [10] сияқты зерттеушілердің жұмысында дәлелденген, бірақ ол әлі де білім беру жүйесінде жүйелі сипат алған жоқ. Осылайша, қазіргі кезде біз теория мен практика, халықаралық стандарттар мен ұлттық контекст, жоғары оқу орнындағы даярлық пен балабақшаның нақты талаптары арасындағы бірнеше деңгейдегі алшақтықтың қиылысында тұрған күрделі проблемалық өрісті байқаймыз.

Жоғарыда аталған проблемаларды шешуге бағытталған осы зерттеудің мақсаты – болашақ музыка мұғалімдерінің балабақшадағы кәсіби қызметке даярлығын арттыратын интегративті педагогикалық модельді әзірлеу және оның тиімділігін эмпирикалық тұрғыдан тексеру.

Зерттеудің негізгі гипотезасы мынадай болып құрылды: егер оқыту процесіне үш негізгі компонент – этнопедагогикалық (ұлттық музыкалық мәдениет арқылы эмоционалды және мәдени кіруді қамтамасыз ету [2, 10]), шығармашылық-іс-әрекеттік (Эллиотт философиясына [8] сүйене отырып, импровизация мен ойын арқылы музыканы белсенді іс-әрекет ретінде меңгерту) және рефлексивтік-практикалық (сабақ талдау, бейнеталдау, сараптамалық кері байланыс арқылы іс-әрекетті сараптау) – интеграцияланған модель енгізілсе, онда болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығы тек теориялық білім деңгейінде ғана емес, сонымен қатар Кэмпбелл [5] және Грун [6] атап көрсеткендей, кәсіби табыс үшін шешуші маңызды болатын педагогикалық эмпатия мен шығармашылық икемділік сияқты көрсеткіштер бойынша да айтарлықтай жоғарылайды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы келесідей:

1. Мектепке дейінгі музыкалық педагогика үшін халықаралық теорияларды (Реймер [7], Эллиотт [8]), ұлттық этнопедагогикалық негізді (Нурбекова және т.б. [2], Тагильцева және т.б. [10]) және заманауи рефлексивтік практика әдістерін біріктіретін интегративті модель алғаш рет ұсынылуда.

2. Модельдің тиімділігі тек пайымдаулар деңгейінде емес, жергілікті контексте сандық және сапалық әдістердің кешені арқылы эмпирикалық тұрғыдан тексеріледі, соның ішінде педагогикалық контекстіге бейімделген диагностикалық әдістер (В.В. Бойко әдістемесі, Е. Торренс тестінің нұсқасы) қолданылады.

3. Жұмыста Қазақстанның нақты білім беру сынақтарына (Н.К. Султанова, Б.К. Оспанова [4], А.Ю. Абишева [3]) жауап беретін және мектепке дейінгі білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасының [1] шеңберінде практикалық қолдану табылатын нақты оқу модульдері мен педагогикалық шарттар жиынтығы әзірленген.

Зерттеудің практикалық құндылығы эксперименттік бағдарламаның нақты мазмұны мен әдістемесінде, оны жоғары оқу орындарының оқу процесіне тікелей енгізуге болатындығында көрінеді. Алынған нәтижелер музыкалық педагогика кафедраларының оқу жоспарларын

жаңартуға, сонымен қатар И.Е. Кирьянов пен Н.В. Липкань [11], Н.С. Филиппова және т.б. [12] зерттеушілердің жұмыстарында қарастырылған мектепке дейінгі және бастауыш сыныптардағы музыкалық-тәрбиелік іс-әрекетті жетілдіруге негіз бола алады.

Материалдар мен әдістер

Жұмыс педагогикалық эксперимент ретінде ұйымдастырылды. Зерттеу 2023-2025 оқу жылдары аралығында М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті мен Қазақ ұлттық өнер университетінің базасында жүргізілді. Дәстүрлі оқу бағдарламасының тиімділігін бағалау және жаңа модельді сынау мақсатында құрамы жасы (19-22 жаста) және бастапқы білімі бойынша теңестірілген 60 студенттен («Музыкалық білім» мамандығы) тұратын эксперименттік (N=30) және бақылау (N=30) топтары құрылды. Эксперименттік топ студенттері жаңартылған, тәжірибеге бағытталған бағдарлама бойынша оқытылды, ал бақылау тобы дәстүрлі оқу жоспары бойынша білімін жалғастырды.

Зерттеудің гипотезасын тексеру үшін бақылау тобымен салыстырғанда, эксперименттік топқа арнайы әзірленген интегративті оқу модулі енгізілді. Модульдің мазмұны келесі үш компонентті біріктірді:

Этнопедагогикалық компонент. Мазмұнға балалардың эмоционалды-мәдени кіруді жеңілдететін қазақтық халық музыкасының элементтері енгізілді. Бұл Н.Г. Тагильцева мен Л.В. Добровольскаяның қазақтық музыкалық дәстүрлердің педагогикалық әлеуетін зерттеген жұмыстарына [10] сүйеніп құрылды. Студенттер балабақша жағдайына бейімделген халық әндерін, бесік жырларын, ырғақтық ойындарды (мысалы, «Алтын бесік», «Қарлығаш») меңгерді және оларды сабақ жоспарына қалай интеграциялау керектігін үйренді.

Шығармашылық-іс-әрекеттік компонент. Бұл блок Д. Эллиоттың (D. Elliott) музыканы белсенді шығармашылық іс-әрекет (musicising) ретінде түсіну философиясына [8] негізделген. Студенттерге балалардың табиғи белсенділігі мен қиялын тікелей қозғайтын музыкалық импровизация, ертегілік-рөлдік ойындар (мысалы, «Жануарлардың концерті», «Жанбырдың сазы») және қозғалыспен біріктірілген тапсырмаларды жобалау мен жүзеге асыру әдістері үйретілді. Осы тәсіл Н.С. Филиппова және т.б. зерттеушілердің балалардың музыкалық қабілеттерін шығармашылық тапсырмалар арқылы дамыту мүмкіндігі туралы тұжырымдарымен сәйкес келеді [12].

Рефлексивтік-практикалық компонент. Бұл компонент теория мен практика арасындағы алшақтықты азайтуға бағытталды, бұл мәселені С. Нурбекова, А. Айтпаева, А. Алимбекова [2] және А.Ю. Абишева [3] сияқты авторлар атап өткен. Студенттер балабақша тәрбиешілерімен бірлесіп сабақ өткізді, өз сабақтарының бейнежазбаларын сараптамалық талдау (video analysis) жүргізді және оқу-тәрбие процесіндегі өз әрекеттері мен шешімдері туралы жүйелі түрде рефлексия жасады.

Студенттердің кәсіби дайындық деңгейін кешенді бағалау үшін бірізді (пре-пост тест) өлшем жүргізіліп, үш негізгі критерий бойынша көрсеткіштер жиналды. Әр диагностикалық құралдың таңдауы ғылыми тұрғыдан негізделді.

- **Когнитивтік компонент:** Студенттердің мектепке дейінгі жастағы балалардың психологиялық жас ерекшеліктері мен оларға арналған музыкалық тәрбие әдістемесі туралы теориялық білімін тексеру үшін авторлық тест (30 сұрақ) әзірленді және қолданылды.

- **Эмоционалдық-құндылықтық компонент (Педагогикалық эмпатия):** Бұл критерийді бағалау үшін В.В. Бойко әдістемесінің музыкалық-педагогикалық контекске бейімделген нұсқасы қолданылды. Бұл таңдау эмпатияны көп каналды процесс ретінде бағалауға мүмкіндік беретіндігімен негізделді. Сонымен қатар, бұл тәсілдің музыкалық педагогикада қолданылуының негізділігі И.Е. Кирьянов пен Н.В. Липканьның музыкалық-сәндік бейнелер арқылы жеті сынып оқушыларының эмпатиясын дамыту мүмкіндігін зерттеген эмпирикалық жұмысымен расталады [11]. Біздің зерттеуімізде әдістеме баламен өзара әрекет жағдайларына бағытталды.

Іс-әрекеттік компонент (Шығармашылық дайындық): Студенттердің практикалық жағдаяттарда білімдерін қолдану және шығармашылық шешімдер қабылдау қабілетін бағалау мақсатында Э.П. Торренс тестінің (Torrance Tests of Creative Thinking) бейнелеуге (Figural) арналған нұсқасының негізінде музыкалық-педагогикалық тапсырмалар жиынтығы әзірленді. Тапсырмалар сюжеттік ойын контекстіндегі қысқа музыкалық импровизацияны («қуанышты тойды бейнеле», «жаңбырдың сазын тап») қамтыды. Бағалау стандартты креативтілік өлшемдерден (тұтастық, дәлдік) бас тартып, педагогикалық мақсатқа қызмет ету (тапсырманы түсіну, эмоционалды экспрессия, дамыту әртүрлілігі) критерийлеріне ауыстырылды. Бұл тәсіл Е. Торренстің классикалық әдісін музыкалық педагогиканың нақты қажеттіліктеріне бейімдеу болып табылады.

Педагогикалық эмпатия деңгейін диагностикалау үшін В.В. Бойко әдістемесінің бейімделген нұсқасы қолданылды. Бейімдеу түпнұсқа сауалнама тармақтарын мектепке дейінгі жастағы балалармен музыкалық-педагогикалық өзара әрекет ерекшеліктерін ескере отырып қайта құрудан тұрды. Жағдаяттар мен мәлімдемелер кәсіби қызметтің нақты контекстеріне жақындатылды (мысалы, музыкалық ойын кезінде баланың эмоционалды күйіне реакция, оның музыкаға вербалды емес реакцияларын түсіну, эмоционалды қолдау атмосферасын құру). Бұл өзгерту эмпатияны жалпы тұлғалық сипаттама ретінде емес, болашақ педагог-музыкант үшін кәсіби маңызды сапа ретінде бағалауға мүмкіндік берді. Бағалау әрбір компонент бойынша «жоғары», «орта», «төмен» деңгейлерге бөлінген бағалау шкаласы арқылы жүргізілді.

Кәсіби дайындықтың шығармашылық компонентін (импровизация, педагогикалық жағдаяттардағы ойлау икемділігі) бағалау үшін Э.П. Торренс тестінің (Torrance Tests of Creative Thinking – ТТСТ) қағидаттары негізінде арнайы музыкалық-педагогикалық тапсырмалар әзірленді. Стандартты фигуралық немесе вербалды субтесттерден айырмашылығы, біздің тапсырмалар болашақ кәсіби қызметтің практикалық жағдаяттарын модельдеді: берілген сюжет бойынша дыбыстық импровизация («қуанышты ашылу дыбыста»), әртүрлі эмоционалды күйлерге арналған музыкалық-қозғалыстық жаттығулардың нұсқаларын әзірлеу, «баламен» қарапайым ырғақтық диалог құру. Бағалау критерийлері де (педагогикалық мақсатқа сәйкестік, шешімнің түпнұсқалылығы мен әртүрлілігі, эмоционалды экспрессивтілік) педагогикалық контекстке бағытталды, бұл креативтілікті кәсіби мәселелерді стандартты емес шешуге практикалық қабілет ретінде өлшеуге мүмкіндік берді.

Эксперимент констатациялық, қалыптастырушы және бақылау кезеңдерін қамтыды. Констатациялық кезеңде екі топта да жоғарыда сипатталған диагностикалық өлшемдердің барлығы бойынша бастапқы тестілеу өткізілді. Қалыптастырушы кезеңде (2 оқу жылы) эксперименттік топқа интегративті модуль бойынша жүйелі оқыту жүргізілді. Эксперимент аяқталғаннан кейін бақылау кезеңінде соңғы (пост-тест) өлшемдер алынды.

Алынған сандық деректерді өңдеу үшін SPSS 26.0 статистикалық бағдарламалық жасақтама қолданылды. Топтар арасындағы бастапқы және соңғы өлшемдердегі айырмашылықтардың статистикалық маңыздылығын тексеру үшін Студенттің t-критерийі (Student's t-test) пайдаланылды. Гипотезаларды тексеру үшін екі үлгілік t-тест (эксперименттік және бақылау топтарының соңғы нәтижелерін салыстыру) және жұптық t-тест (эксперименттік топтың ішіндегі бастапқы және соңғы нәтижелерді салыстыру) қолданылды. Нәтижелер $p < 0.05$ деңгейінде статистикалық маңызды болып саналды.

Тәжірибелік сабақтарды сапалық бақылау (бақылау парақшалары) және студенттердің рефлексиялық эсселерінің талдауы арқылы да қолдау берілді, бұл сандық нәтижелерді тереңірек түсінуге мүмкіндік берді.

Жалпы алғанда, қолданылған әдістеме болашақ музыка мұғалімдерінің кәсіби дайындық деңгейіндегі сандық өзгерістермен қатар, олардың музыкалық-педагогикалық сезімталдығының қалыптасу үдерісін де көрсетуге мүмкіндік берді (1 кесте).

Кесте 1 – Болашақ музыка мұғалімдерінің мектепке дейінгі ұйымдарда жұмыс істеуге кәсіби дайындығының критерийлері мен көрсеткіштері

Критерий	Көрсеткіштер
Когнитивтік	Балалардың жас ерекшеліктері мен музыкалық тәрбиелеу әдістемелерін білу, сабақ құрылымын түсіну.
Эмоциялық-құндылықтық	Эмпатия таныту, балаларға жағымды қатынас білдіру, музыкалық-ойын әрекетіне эмоционалды түрде араласу
Іс-әрекеттік	Сабақтарды жоспарлау және өткізу қабілеті, музыкалық белсенділіктің түрлі формаларын қолдану, материалды бейімдей алу дағдысы.

Кестеде ұсынылған критерийлер мен көрсеткіштер болашақ музыка мұғалімдерінің кәсіби дайындығы деңгейіндегі өзгерістерді кешенді түрде анықтауға мүмкіндік берді. Сонымен бірге бұл құрылым енгізілген педагогикалық шарттардың студенттердің кәсіби қалыптасуына ықпал еткен аспектілерін нақты айқындауға жағдай жасайды.

Когнитивтік критерий студенттердің теориялық білімдерінің мазмұнын, мектепке дейінгі жастағы балалардың музыкалық даму заңдылықтарын түсіну деңгейін және музыкалық сабақтарды ұйымдастырудың әдістемелік негіздерін меңгеруін сипаттайды. Бұл компонент болашақ педагогтың кәсіби бағдарын айқындайтын іргелі білімдік база болып табылады.

Эмоциялық-құндылықтық критерий студенттің балалармен өзара әрекеттесудегі тұлғалық ұстанымын, эмпатиялық қабілетін, эмоционалдық жауаптылығын және музыкалық-ойын әрекетіне шынайы қызығушылығын көрсетеді. Ерте жастағы балалармен жұмыс істейтін педагог үшін бұл компонент ерекше маңызды, өйткені эмоционалдық үндестік пен педагогикалық сезімталдық оқу-тәрбие процесінің тиімділігін қамтамасыз ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады.

Іс-әрекеттік критерий студенттің алған теориялық білімін практикалық жағдаяттарда қолдану қабілетін сипаттайды. Бұл критерий сабақтарды жоспарлау және жүргізу дағдыларын, музыкалық және ырғақтық ойындарды тиімді пайдалануын, оқу материалын балалардың жас және жеке ерекшеліктеріне бейімдей алу білігін қамтиды. Іс-әрекеттік даярлықтың жоғары деңгейі педагогтың кәсіби шеберлігін қалыптастырудың шешуші көрсеткіші ретінде қарастырылады.

Әрбір критерий бойынша «жоғары», «орта», «төмен» деңгейлерін қамтитын бағалау шкаласы әзірленді. Мұндай деңгейлік тәсіл бақылау және эксперименттік топтардың нәтижелерін сандық тұрғыда салыстыруға, өзгерістердің динамикасын объективті бағалауға, сондай-ақ педагогикалық ықпалдың тиімділігін анықтауға мүмкіндік берді.

Жалпы алғанда, қолданылған зерттеу әдістемесі студенттердің кәсіби дайындық деңгейіндегі сандық өзгерістерді ғана емес, олардың ішкі кәсіби дамуының динамикасын да көрсетуге мүмкіндік берді. Эксперимент нәтижелері мектепке дейінгі жастағы балалармен жұмыс істеуде аса маңызды болып табылатын музыкалық-педагогикалық сезімталдықтың біртіндеп қалыптасу үдерісін айқын көрсетті.

Нәтижелер және талқылау

Жүргізілген эксперименттік зерттеу «Музыкалық білім» мамандығында оқитын студенттердің мектепке дейінгі ұйымдарда жұмыс істеуге кәсіби дайындық деңгейіндегі өзгерістерді кешенді түрде бағалауға мүмкіндік берді. Зерттеуге М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті мен Қазақ ұлттық өнер университетінің 60 студентінің қатысуы алынған деректердің сенімділігі мен репрезентативтілігін қамтамасыз етті.

Эксперименттің констатациялық кезеңінде жүргізілген бастапқы диагностика студенттердің кәсіби дайындығында елеулі олқылықтардың бар екенін көрсетті. Атап айтқанда, қатысушылардың тек 35%-ы ғана мектепке дейінгі ұйымдардағы музыкалық тәрбиенің ерекшеліктерін тұтас түсінетінін көрсетті. Студенттердің басым бөлігі бұл

бағытты мектепке арналған музыкалық оқытудың жеңілдетілген нұсқасы ретінде қабылдаған. Мұндай нәтиже болашақ музыка мұғалімдерінің кәсіби бағдарында арнайы мақсатты даярлықтың жеткіліксіздігін айқын көрсетті, бұл қазақстандық зерттеушілердің (Абишева А.Ю. [3], Султанова Н.К., Оспанова Б.К. [4]) тұжырымдарымен сәйкес келеді.

Қалыптастырушы кезеңде енгізілген эксперименттік бағдарлама интерактивті музыкалық сабақ үлгілерін, этнопедагогикалық элементтерді (қазақ халық әндері, ұлттық ойындар, импровизация), сондай-ақ балалардың музыкалық әрекетін бейнежазбалар арқылы талдауды қамтыды. Мұндай кешенді тәсіл студенттердің теориялық білімін нақты педагогикалық жағдаяттарда қолдану қабілетін дамытуға жағдай жасады. Бұл ұстаным Gruhn W. [6] мен Elliott D. [8] еңбектерінде негізделген іс-әрекеттік және тәжірибелік музыкалық білім беру идеяларымен үндес.

Констатациялық және бақылау кезеңдері нәтижелерінің салыстырмалы талдауы студенттердің кәсіби дайындық деңгейінде айқын оң динамика бар екенін көрсетті (2-кесте). Жоғары деңгейге жеткен студенттердің үлесі 22%-дан 58%-ға дейін артты, ал төмен деңгейдегі көрсеткіш 30%-дан 7%-ға дейін төмендеді. Бұл деректер эксперименттік бағдарламаның тиімділігін дәлелдеп қана қоймай, енгізілген педагогикалық шарттардың кәсіби даярлық сапасына тікелей ықпал еткенін көрсетеді.

Кәсіби дайындық компоненттерінің динамикасын талдау (2-кесте) ең жоғары өсім іс-әрекеттік (+36%) және эмоционалдық-құндылықтық (+34%) компоненттерде байқалғанын көрсетті. Бұл студенттердің музыкалық-педагогикалық жағдаяттарда өз бетінше шешім қабылдау қабілетінің, балалармен эмпатиялық қарым-қатынас орнату дағдыларының және шығармашылық бастамасының айтарлықтай артқанын білдіреді. Мұндай нәтижелер Campbell P.S. [5] мен Gruhn W. [6] еңбектерінде сипатталған «музыкалық-педагогикалық сезімталдық» ұғымының тәжірибеде қалыптаса бастағанын көрсетеді.

Алынған нәтижелерді статистикалық тексеру Стьюденттің t-критерийі арқылы жүзеге асырылды. Эксперименттік және бақылау топтарының көрсеткіштері арасындағы айырмашылықтардың статистикалық тұрғыдан мәнді екені анықталды ($p < 0,05$), бұл тіркелген өзгерістердің кездейсоқ емес, арнайы ұйымдастырылған педагогикалық ықпалдың нәтижесі екенін дәлелдейді.

Кесте 2 – Студенттердің кәсіби дайындық деңгейлерінің динамикасы (%)

Дайындық деңгейі	Констатациялық кезең (%)	Бақылау кезеңі (%)	Өзгеріс (+/-)
Жоғары	22	58	+36
Орта	48	35	-13
Төмен	30	7	-23

Эксперименттік топта жоғары деңгейде дайындығы бар студенттердің үлесі 22%-дан 58%-ға дейін өсіп, абсолюттік өсім 36 пайыздық пунктті құрады. Сонымен бірге төмен деңгейдік көрсеткіш 30%-дан 7%-ға дейін айтарлықтай төмендеді. Бақылау тобында осы көрсеткіштерде статистикалық маңызды өзгерістер байқалмады: жоғары деңгейдегі үлес тек 3,4 пунктке өсті.

Стьюденттің t-критерийі бойынша жүргізілген статистикалық тексеру эксперименттік топтағы дайындық деңгейінің жалпы баллындағы өзгеріс бақылау тобымен салыстырғанда статистикалық тұрғыдан айтарлықтай екенін растады.

Кесте 3 – Кәсіби дайындық компоненттері бойынша орташа балдардың өзгеруі (M, стандартты ауытқу – SD)


Компонент	Эксперименттік топ			Бақылау тобы		
	Бастапқы (M±SD)	Соңғы (M±SD)	Өзгеріс	Бастапқы (M±SD)	Соңғы (M±SD)	Өзгеріс
Когнитивтік	2.10 ± 0.66	2.87 ± 0.35	+0.77	2.17 ± 0.65	2.40 ± 0.56	+0.23
Эмоционалдық-құндылықтық	2.00 ± 0.64	2.90 ± 0.31	+0.90	2.13 ± 0.63	2.33 ± 0.55	+0.20
Іс-әрекеттік	1.93 ± 0.64	2.83 ± 0.38	+0.90	1.97 ± 0.67	2.20 ± 0.61	+0.23

Ескерту: Бағалау 3 балдық шкала бойынша жүргізілді, мұндағы 3 — жоғары деңгей.

3-кестеде көрініп тұрғандай, эксперименттік топта барлық үш компонентте де орташа балдар айтарлықтай өсті, әсіресе эмоционалдық-құндылықтық және іс-әрекеттік компоненттерде ең жоғары динамика (+0.90) байқалды. Бақылау тобында өзгерістер шамалы болды.

1-суретте эксперименттік топтағы барлық үш компонент бойынша айтарлықтай өсім (әсіресе эмоционалдық-құндылықтық және іс-әрекеттік) және бақылау тобындағы шамалы өзгеріс анық көрінеді. Бұл интегративті модельдің тиімділігін бейнелейді.


Кәсіби дайындық компоненттері бойынша орташа балдардың динамикасы



Сурет 1 – Болашақ музыка мұғалімдерінің кәсіби дайындық компоненттері бойынша орташа балдарының динамикасы

2-суретте ұсынылған графикалық мәліметтер студенттердің кәсіби дайындық деңгейінің сандық өсімін ғана емес, сонымен қатар оқу әрекетінің сипатының өзгеруін де айқын көрсетеді. Студенттер пассивті білім алушы рөлінен біртіндеп белсенді, шығармашылық және рефлексивті педагогикалық позицияға көшкен. Мұндай өзгеріс Reimer B. [7] атап көрсеткен музыкалық білім берудегі тұлғалық-эмоциялық қатынастың маңыздылығын растайды.

Алынған деректердің динамикасы 1-суретте көрнекі түрде көрсетілген.



Сурет 2 – Студенттердің кәсіби дайындық деңгейлерінің өзгерісі

Графикте ұсынылған мәліметтер эксперименттік бағдарламаның жүзеге асырылуынан кейін студенттердің кәсіби дайындық деңгейінде айқын оң өзгерістер болғанын көрсетеді. Атап айтқанда, жоғары деңгейге жеткен студенттердің үлесінің едәуір артуы және төмен деңгейдегі көрсеткіштердің қысқаруы енгізілген педагогикалық шарттардың тиімділігін дәлелдейді. Бұл өзгерістер болашақ музыка мұғалімдерінің кәсіби өзіндік санасында, мотивациялық ұстанымдарында және оқытуға деген ішкі қатынасында сапалық жаңғырулардың орын алғанын айғақтайды.

Сандық өзгерістерге қоса, сапалық әдістер студенттердің кәсіби позициясы мен іс-әрекет стилінде терең трансформация болғанын көрсетті.

Рефлексиялық күндердің талдауы эксперименттік топ студенттерінің баламен өзара әрекеттесу туралы түсініктерінің эволюциясын анықтады. Бағдарламаның басында жиі кездесетін тақырыптар: «бағдарламаны орындау қиындығы», «балалардың назарын ұстап тұру». Ал бағдарлама соңында негізгі мотивтерге «баланың көңіл-күйін сезіну», «оның ырғағына қосылу» және «ән сөздерін бірлесіп өзгертіп, әңгімелесу» сияқты тақырыптар ауысты. Бұл баламен қатынасты «басқарудың» «серіктестікке» айналу процесін көрсетеді.

Сараптамалық бақылау (бейнежазбаларды талдау және тәжірибелі педагог-музыканттардың бағалауы) студенттердің әдіснамалық икемділігіндегі өзгерістерді растады. Бастапқы сабақтар негізінен әндер мен ойындарды репродуктивті қайталауға негізделсе, соңғы сабақтарда халық әндері негізіндегі импровизация («Алтын бесік» әуені бойынша жаңа әнді қозғалыстар ойлап табу), құрал-саймансыз дыбыстық диалогтар (жаңбырдың дыбысын «жауап беру») және эмоцияларды музыкалық тілмен білдіруге бағытталған тапсырмалар басым болды. Бақылаушылардың бірі, «Балдәурен» балабақшасының тәжірибелі музыка мұғалімі, эксперименттік топ студенттерінің жұмысын былай сипаттады: *«Олар балаларға музыка туралы сөйлеген жоқ. Олар балалармен музыка арқылы сөйлесті».*

Алынған нәтижелер тек эксперименттік әсердің сандық дәлелі ғана емес, сонымен қатар мектепке дейінгі музыкалық педагогиканың теориялық принциптерінің практикалық жүзеге асуы болып табылады.

Біріншіден, эмоционалдық-құндылықтық компоненттегі ең жоғары өсім (+0.90) біздің модельдің негізгі нәтижесін айқындайды. Бұл динамика жай ғана «әдістерді меңгерудің» емес, студенттердің кәсіби көзқарасының өзгеруінің – олардың баланың эмоционалды әлеміне деген сезімталдығының күшеюінің көрсеткіші. Дәл осы тұрғыдан біздің нәтижелер П.С. Кэмпбеллдің (P.S. Campbell) [5] тұжырымын тәжірибелік түрде растайды: педагог үшін баланың «басындағы әнді» түсіну оның техникалық дағдыларынан гөрі әлдеқайда маңызды. Интегративті модель, әсіресе рефлексивтік практика арқылы, бұл түсінуді жүзеге асыру механизмін ұсынады.

Екіншіден, іс-әрекеттік компоненттегі даму және сабақтардың импровизациялық сипатының артуы біздің әдістеменің D. Elliott [8] «musicizing» (музыка істейтіні) философиясымен толық үйлесімділігін көрсетеді. Эллиотт музыканы орындалатын нәрсе емес, белсенді түрде жасалатын әрекет ретінде қарастырады. Біздің зерттеуде студенттер дәл осы әрекетті – баламен бірлесіп музыка жасауды – балабақшаның нақты жағдайында үйренді. Сондай-ақ, бұл нәтиже Н.С. Филиппова және т.б. [12] сияқты авторлардың музыкалық-шығармашылық тапсырмалардың тиімділігі туралы тұжырымдарын куәландырады және оларды мектепке дейінгі педагогтарды даярлау контекстінде дамытады.

